

8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100-Информатика) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Курманғалиева Нургуль Айтбаевнаның «Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Алынған нәтижелердің маңыздылығы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауына; 2021 жылғы 26 ақпандағы №521 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына; 2021 жылғы 30 желтоқсанда бекітілген №961 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасына»; 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес келуімен дәйектеледі.</p> <p>Н.А.Курманғалиеваның диссертациялық жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы мемлекет қаржыландыратын:</p> <p>8. Ғылым және білім саласындағы зерттеулер</p> <p>8.1 ХХІ ғасырдағы білім, ғылым, мәдениет және спорт мәселелерін іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеу</p> <p>8.1.1 Ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері сияқты нысаналы бағдарламалар идеясына сәйкестігімен сипатталады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу барысында алған нәтижелері педагогика ғылымының білімді ақпараттандыру саласы бойынша білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау арқылы цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерінен тұратын жаңа ғылыми үлес болып

			табылады. Цифрлық педагогикалық университеттің цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктерін интеграциялау жағдайында әзірленген құрылымдық-мазмұндық модельді пайдалану, педагогикалық цифрлық университеттің цифрлық білім беру ортасын оқу, оқудан тыс, оқыту нәтижелерін өлшеу және бақылау, ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушылық-басқару қызметінде пайдалану әдістерінің анықталуы жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығын ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Оған жұмыстың ғылыми стилі, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жасаған талдауы мен өзіндік тұжырымдар жасауы, диссертация мазмұнын баяндауындағы бірізділік пен өзара байланыстылығы дәлел болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Төртінші өнеркәсіптік технологиялардың пайда болуын ескере отырып, педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу, оқудан тыс, ғылыми-әдістемелік, оқыту нәтижелерін өлшеу және ұйымдастырушылық-басқару қызметтерін кешенді ақпараттандыру қажеттілігі және педагогикалық университеттің цифрлық білім беру ортасы түріндегі ақпараттық ресурстар мен технологияларды жүйелеуге педагогикалық тәсілдердің, сонымен қатар цифрлық педагогикалық университетке көшу бойынша және болашақ мұғалімдерді даярлауда цифрлық білім беру ортасының сапасын бағалау мен оны пайдаланудың теориялық тәсілдерінің осыған дейінгі зерттеу жұмыстарында қарастырылмауы диссертациялық жұмыстың өзектілігін анықтайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды. Диссертацияда зерттеу процесінің барлық компоненттері көрсетілген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты: Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру моделін теориялық негіздеу және оның тиімділігін тәжірибеден өткізу.

			<p>Зерттеу міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау; – білім беру қызметінің түрлерін ақпараттандыру технологиясын интеграциялауға негізделген цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру моделін құру; – цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының компоненттерін интеграциялау үшін тиімді заманауи технологияларды іріктеу; – білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру моделінің тиімділігін эксперименттен өткізу.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы, зерттеудің міндеттері, ұсынылған қағидалары мен алған ғылыми жаңалықтары бір-бірімен логикалық түрде байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертант зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді сыни көзқараспен таңдай алған. Автордың жұмыста келтірілген ой-пікірлер мен тұжырымдарға баға бере алуы, оларға өзіндік түйіндеме жасай білуі, салыстыру негізінде сыни бағалай алуы зерттеуші ретінде өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің алғашқы және қорытынды көрсеткіштерін сандық және сапалық салыстыруда автордың сыни талдауы мен бағалауы жұмыстың шынайылығын көрсетеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Зерттеу мәселесі бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Бірінші нәтиже жаңа</i>, себебі педагогикалық жоғары оқу орны білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын біртұтас цифрлық білім беру ортасына интеграциялау одан әрі цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың белсене түсуіне, білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқыту үдерісіне қосымша әдістер мен құралдарды пайдалануға, оқытушылар мен университет қызметкерлерінің кәсіби қызметін төртінші өнеркәсіптік революция</p>

		<p>технологияларын және заманауи телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, жүзеге асыруға тартуға, білім беру ресурстарының қолжетімділігі мен ашықтығын арттыруға жағдай жасайды, ал бұл болашақ педагогтарды даярлау сапасының артуына, олардың қажеттіліктері мен білім беруді цифрландырудың жүйеленген құралдарын пайдалана отырып, педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайындығына алып келеді.</p> <p><i>Екінші нәтиже жаңа</i>, себебі білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың ұсынылған құрылымдық-мазмұндық моделі ақпараттандырудың әртүрлі құралдарын біріктіруге және болашақ педагогтарды даярлау жүйесін қажетті сапалы заманауи ақпараттық ресурстар мен технологиялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p><i>Үшінші нәтиже жаңа</i>, цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының компоненттеріне интеграциялау үшін төртінші өнеркәсіптік революция технологиялары іріктелді. Зерттеу барысында олардың негізінде әзірленген ақпараттық ресурстар цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөлігі болып табылады және педагогикалық ЖОО қызметінің сапасын арттыруға септігін тигізеді.</p>	<p>технологияларын және заманауи телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, жүзеге асыруға тартуға, білім беру ресурстарының қолжетімділігі мен ашықтығын арттыруға жағдай жасайды, ал бұл болашақ педагогтарды даярлау сапасының артуына, олардың қажеттіліктері мен білім беруді цифрландырудың жүйеленген құралдарын пайдалана отырып, педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайындығына алып келеді.</p> <p><i>Екінші нәтиже жаңа</i>, себебі білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың ұсынылған құрылымдық-мазмұндық моделі ақпараттандырудың әртүрлі құралдарын біріктіруге және болашақ педагогтарды даярлау жүйесін қажетті сапалы заманауи ақпараттық ресурстар мен технологиялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p><i>Үшінші нәтиже жаңа</i>, цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының компоненттеріне интеграциялау үшін төртінші өнеркәсіптік революция технологиялары іріктелді. Зерттеу барысында олардың негізінде әзірленген ақпараттық ресурстар цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөлігі болып табылады және педагогикалық ЖОО қызметінің сапасын арттыруға септігін тигізеді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		<p>Н.А.Курмангалиеваның диссертация жұмысы бойынша жасалған қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		<p>Автор өз жұмысында жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша маңызды ұсыныстар жасайды: Цифрлық университет моделі, қазіргі таңда педагогикалық жоғары оқу орнына енгізілуі тиіс; жоғары оқу орнында болашақ студенттердің цифрлық білім беру ортасын қолдану бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар, зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлау үдерісінде, болашақ мамандардың цифрлық құзыреттілігін арттыру және қайта даярлау</p>

			курстарында пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу барысындағы тұжырымдар мен жоғары оқу орнының оқу процесіне ендіру актісімен және тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері, жарық көрген жарияланымдар зерттеу мәселесінің техникалық, технологиялық жаңалығын растайды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген және эксперимент арқылы дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Н.А.Курманғалиеваның диссертациялық жұмысында ұсынылған 4 қағида толығымен дәлелденген:</p> <p>7.1 Диссертацияның негізгі қағидаларының дәлелділігі зерттеу барысында алынған нәтижелерінің талқыға түсуімен, сондай-ақ қорытынды жаңалықтарының әр деңгейінде ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу арқылы мақалаларының жинақтарында жарық көруімен, ғылыми басылымдарда жариялануымен расталған және нәтижелерінің тәжірибеге ендірілгендігін растайтын анықтамалардың қоса тіркелуі растайды.</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 ия, себебі, зерттеу барысында талданған ғылыми-әдебиеттерде, зерттеу жұмыстарында қорғауға ұсынылған қағидаттар көрініс таппаған.</p> <p>7.4 кең, себебі, қазіргі цифрлық қоғамда өмір сүру жағдайында, цифрлық білім беру ортасынсыз жоғары оқу орындарын елестету қиын. Сондықтан, ұсынылған білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі, іріктелген цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктеріне интеграциялау үшін заманауи және тиімді технологиялары, әдістемелік ұсыныстар болашақта қолданыс табуға сұранысы жоғары.</p> <p>7.5 Иә, мақалаларда дәлелденген, зерттеудің негізгі нәтижелері докторанттың 11 ғылыми еңбегінде көрініс тапқан, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін импакт факторлы ғылыми журналда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны</p>

			қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинақтарында 5 мақала және 1 әдістемелік құрал жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар ғылыми тұрғыда негізделген. Әдістер нақты жазылған және тиімділігі дәлелденген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алуға, теориялық, эмпирикалық әдістер қолданылған. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау жасалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Теориялық қорытындылар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жүргізілген, эксперименттік зерттеулер дәлелденген және расталған. Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы <u>расталған</u> .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста 149 әдебиет пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі шолу жасауға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның теориялық маңызы бар. – «Цифрлық педагогикалық университет» түсінігі нақтыланған, оны қалыптастырудың артықшылықтары мен даму бағыттары көрсетілген, цифрлық педагогикалық университетті дамыту үшін

			<p>ақпараттық технологияларды интеграциялауға негізделген цифрлық білім беру ортасын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалған;</p> <p>– білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген;</p> <p>– цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктеріне интеграциялау үшін заманауи және тиімді технологиялары іріктелген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы педагогикалық жоғары оқу орнында цифрлық университетінің негізгі құраушысы цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктерін құру, білім беру қызметінің түрлерін ақпараттандыру технологияларымен интеграциялау және сынақтан өткізу шеңберінде әзірленген құрылымдық-мазмұндық модельді пайдалану, цифрлық білім беру ортаны әзірлеушілер үшін педагогикалық және технологиялық сипаттағы практикалық ұсыныстарды тұжырымдау, білім беруде педагогикалық ЖОО-ның оқу, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі, оқытудың тиімділігін бақылау және бағалау, оқудан тыс, сондай-ақ студенттермен жұмыс жүргізу шеңберінде цифрлық білім беру ортасын пайдалану әдістерін анықтау болып табылады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</p> <p>3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Зерттеу жұмысы аясында практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және оларды педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды даярлау үдерісінде, болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдаланылуға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымын рәсімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған, жазу сапасы жоғары.</p> <p>Н.А.Курманғалиеваның диссертациясының артықшылықтарымен қатар, жұмыстың бірінші тарауында келтірілген теориялық мәліметтер қажеттілігіне сәйкес схема не кесте түрінде құрастырылса, зерттеу жұмысының сапасы арта түсер еді.</p>

Қорытынды: 8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100-Информатика) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Курманғалиева Нургуль Айтбаевнаның «Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған ғылыми жұмыс деп есептеймін және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелерді беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес келетіндіктен, философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Рецензент:

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты**



Байганова А.М.